

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2018 жылдың 13 шілдесіндегі
№ 22 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2018 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Клирингтік қатысушылар туралы ҚАҒИДА

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі № 26 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2018 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. 1 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 07 қарашасындағы № 33 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2018 жылдың 08 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылдың 06 тамызындағы № 34 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2019 жылдың 06 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі № 44 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 26 ақпанынандағы № 6 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 27 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 17 наурызындағы № 8 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 17 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 03 маусымындағы № 18 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 37 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" (бұдан әрі – Клиринг ережелері) атты "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, клирингілік қатысушы мәртебесін беру, айыру және қалпына келтіру тәртібін, клирингілік қатысушылардың санаттарын, сондай-ақ клирингілік қатысушы мәртебесін алуға үміткер ұйымдарға (бұдан әрі – үміткерлер) қойылатын талаптарды, клирингілік қатысушы санатын анықтауға қойылатын талаптарды және клирингілік қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін клирингілік қатысушылардың және Биржаның жауапкершілігін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Осы Қағидада қолданылатын түсініктер мен терминдер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг ережелерінде және Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған түсініктер мен терминдер қолданылған.
2. Қағидада қолданылған өзге ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) Ұлттық Банк – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" мемлекеттік мекемесі;
 - 2) валюталық нарық – Биржаның ұйымдастырылған шетел валюталары нарығы, солармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асырады;
 - 3) деривативтер нарығы – Биржаның ұйымдастырылған туынды қаржы құралдарының нарығы, солармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асырады;
 - 4) қор нарығы – Биржаның ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы, солармен жасалған мәмілелер бойынша Биржа клирингілік қызметті жүзеге асырады;
 - 5) биржалық нарықтар – қор нарығы, валюталық нарық және деривативтер нарығы барлығы бірге;
 - 6) мәмілелер – Биржаның сауда-саттықтарында жасалған, мәмілелер;
 - 7) өтінімдер – мәмілелер жасасуға Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген, өтінімдер;
 - 8) міндеттеме – клирингілік қатысушының берген өтінімінің шарттарымен мәміле жасасу міндеттемесі және/немесе мәмілені орындау міндеттемесі;
 - 9) рейтинг – "Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, мерзімдік негізде, клирингілік қатысушы үшін Биржа анықтайтын, рейтинг *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын ретту және дамыту жөніндегі агенттігі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 11) орталық контрагентпен жасалатын мәміле – Биржалық қызметтің ережелерінде анықталған, Биржа солар бойынша орталық контрагент функциясын атқаратын, мәмілелер *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;

- 12) орталық контрагентсіз жасалатын мәміле – Биржалық қызметтің ережелерінде анықталған, Биржа солар бойынша орталық контрагент функциясын атқармайтын, мәмілелер *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

2 бап.

Жалпы қағидалар

1. Биржалық нарықта Биржаның клирингілік қызметті жүзеге асыруы шегінде клирингілік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету мақсатында, түрлі санаттағы Биржа мүшелеріне келесідей мәртебелер беріледі:
 - 1) "валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы" – "валюталық" санат бойынша Биржа мүшелеріне;
 - 2) "деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы" – "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелеріне;
 - 3) "қор нарығының клирингілік қатысушысы" – "қор" санаты бойынша Биржа мүшелеріне.
2. Биржаның бір мүшесі бірнеше санат бойынша клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болуы мүмкін.
3. Мәмілелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәртібін анықтау мақсатында клирингілік қатысушыға келесі санаттардың бірі беріледі:

"қамтусыз" – клирингілік қатысушыға оның міндеттемелерін орындады қамтамасыз ету бойынша талап қойылмайды;

"жартылай қамтылған" – клирингілік қатысушыға, Клирингілік ережелермен белгіленген, оның міндеттемелерін орындауды жартылай қамтамасыз ету бойынша талап қойылады;

"толық қамтылған" – клирингілік қатысушыға, оның қандай да бір есеп айырысу датасына қандай да бір міндеттемелері туындайтын, қаржы құралдары бойынша толық қамтамасыз ету бойынша талап қойылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*.
4. Клирингілік қатысушыға қандай да бір санат беру немесе санатын өзгерту тәртібі Қағиданың 9 бабында анықталған *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*.

2 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

3 бап.

Клирингілік қатысушы мәртебесін алуға үміткерлерге қойылатын, талаптар

1. Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатына сәйкес қандай да бір санат бойынша Биржа мүшесінің қолданыстағы мәртебесі бар, заңды тұлға ған клирингілік қатысушы мәртебесін алуға үміткер бола алады.
2. Кез келген биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесін алуға үміткер міндетті:
 - 1) клирингілік қатысушы мәртебесін алу туралы өтінішін берген күнге дейінгі аяқталған қатарынан үш күнтізбелік ай барысында, осы үміткер соның өаңнамасына сәйкес құрылған, мемлекеттің уәкілетті органымен белгіленген, меншікті капиталдың жеткіліктілігі және өтімділігі бойынша нормативтерді орындау;
 - 2) Қағиданың 12 бабының 1 тармағының талаптарына сай болу.

4 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесін алу үшін үміткер ұсынатын, құжаттар

1. Клирингілік қатысушы мәртебесін алу үшін үміткер, осы Қағиданың 1 қосымшасындағы нысан бойынша құрастырылған, Биржаға клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтінішін ұсынуы тиіс.

Клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы өтініш, осы Қағиданың 2 қосымшасы болып табылатын, жалпы клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа (келісім-шарт жасасуға Биржаның оферта акцепті) тұтастай қосылу туралы келісім болып табылады. Клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт, Биржа клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап, Биржа мен үміткер арасында жасалды деп саналады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. Қор нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесін алу үшін үміткер Биржаға осы Қағиданың 12 бабының 3 тармағында белгіленген, үміткердің шоттарының бар болуын растаттын, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ескертпесінің көшірмесін ұсынуы тиіс.

5 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы тұжырым дайындау

1. Биржа үміткерден осы Қағиданың 4 бабында аталған құжаттарды алған соң, жауапты бөлімше осы үміткерге клирингілік қатысушы мәртебесін беру мүмкіндігі туралы тұжырымдама (бұдан әрі – жұжырымдама) дайындап, келесідей ақпараттарды мазмұндайды:

- 1) үміткердің, осы Қағиданың 3 бабының талаптарын орындауы туралы;
- 2) үміткердің, осы Қағиданың 4 бабында белгіленген, құжаттарды ұсынуы туралы;
- 3) үміткердің, соның заңнамасына сәйкес құрылған, мемлекеттің заңнамасы талаптарын орындауы туралы (көпшілік дерек көздерден);
- 4) егер үміткер, клирингілік қатысушы мәртебесін алуға өтініш берген күнге дейін кемінде екі жыл кезеңінде Биржаның мүшесі болып, осы кезеңде өз міндеттемелерін орындамау (тиісті орындамау) деректерінің бар-жоғы туралы;
- 5) клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылтын, өзге ақпарат.

2. Тұжырымдама, Қағиданың 4 бабында белгіленген, құжаттарды Биржа алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде дайындалуы тиіс.
3. Тұжырымдаманы дайындау барысында Биржа үміткерден және басқа ұйымдардан клирингілік бөлімшенің дәйекті тұжырым жасауы үшін қажетті қосымша құжаттар сұратуға құқылы. Мұндай жағдайда тұжырымдама жасау Биржа сұратқан құжаттарын және/немесе өзге жауап алғанға дейін уақытша тоқтатылады.
4. Үміткер клирингілік қатысушы мәртебесін алу мақсатында ұсынған құжаттарында толық емес, дәл емес, дәйексіз немесе ескі ақпарат берілетін болса, бұл тұжырымдама жасаудан және, тиісінше клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тарту үшін жеткілікті негіздеме болады.
5. Осы бапқа сәйкес дайындалған тұжырымдама Биржа Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) жуырдағы отырысында қаралады.

6 бап. Клирингілік қатысушы мәртебесін беру

1. Осы Қағиданың 5 бабына сәйкес дайындалған тұжырымдаманы негізге ала отырып, Басқарма Қағиданың 3 тарауға сәйкес санаты белгіленіп, үміткерге клирингілік қатысушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды.
2. Үміткер осы Қағиданың 3 бабының кез келген талабына үміткердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, сондай-ақ үміткердің өз міндеттемелерін орындамау деректері, заңнаманы бұзушылығы немесе клирингілік қызметтерді алғанда үміткердің өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтыруы мүмкін, жағдайлардың туындауы туралы мәліметтер үміткерге клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартуға жеткілікті негіз бола алады.
3. Басқарманың үміткерге клирингілік қатысушы мәртебесін беруі туралы шешімі осындай шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірілмей үміткерге және Ұлттық Банкке тиісінше ескертпелер жіберу арқылы хабарланады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Басқарманың үміткерге клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартуы туралы шешімі осындай шешім қабылданған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей үміткерге тиісінше ескертпе жіберу арқылы хабарланады.
5. Клирингілік қатысушы мәртебесін беруден бас тартылған үміткер Басқарма тиісті шешім қабылдаған соң үш айдан кейін клирингілік қатысушы, Қағиданың талаптарын ескерумен, мәртебесін беру туралы өтінімін қайта беруге құқылы.

7 бап. Клирингілік қатысушыға қызмет көрсетуді уақытша тоқтату және қызмет көрсетуді қайта қалпына келтіру

1. Басқарма төменде көрсетілген жағдайларда клирингілік қатысушыға қандай да бір биржалық нарықта белгілі бір мерзімге қызмет көрсетуді уақытша тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы:
 - 1) клирингілік қатысушының, Қағидаданың 12 бабында бекітілген, талаптарға сай болмауы;
 - 2) клирингілік қатысушының осы Қағидаға, Клирингілік ережелерінде, және Биржаның басқа ішкі құжаттарында бекітілген, міндеттемелерін, соның ішінде кепілдік жарналарын, қамтуларды аудару (толықтырып аудару) бойынша міндеттемелерін орындамауы (тиісті түрде орындамауы);
 - 3) клирингілік қатысушының осы Қағидаға, Клирингілік ережелерінде, және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік алымдарды, айыппұлдарды/тұрақсыздық төлемдерін және басқа да қолданылатын сомаларды төлемеуі (уақытылы немесе толық төлемеуі);
 - 4) клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындауға қабілетіне жағымсыз ықпал ете алатын, ақпараттың бар болуы;
 - 5) клирингілік қатысушының тиісті биржалық нарықтағы мүшелігінің уақытша тоқтатылуы;
 - 6) клирингілік қатысушының қандай да бір нарықтың барлық қаржы құралдарының сауда-саттығынан шеттетілуі.
2. Клирингілік қатысушыға, осы баптың 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында белгіленген, кез келген негіздер бойынша тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетудің уақытша тоқтатылуы, осы клирингілік қатысушыны осы биржалық нарықтағы сауда-саттықтардан сол уақытқа шеттетілуі туралы Биржа Басқармасына шешім қабылдауға негіз болады.
3. Тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсету уақытша тоқтатылған жағдайда клирингілік қатысушы Клиринг ережелерінде, Қағидада және

Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген, міндеттемелерді сақтап қалады.

4. Биржа Басқармасының шешімімен осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес уақытша тоқтатылған, клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешімді, клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсету мерзімі деп анықталған мерзім барысында клирингілік қатысушы сәйкессіздіктерді жойған жағдайда, Басқарма клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамағаны (тиісті орындамағаны) негіз болған Биржа Басқармасының шешімімен клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсету осының алдында осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес уақытша тоқтатылып, клирингілік қатысушы осы міндеттемелерін толық орындаған жағдайда, Басқарма клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы.
6. Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамағаны (тиісті орындамағаны) негіз болған Биржа Басқармасының шешімімен клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсету осының алдында осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес уақытша тоқтатылып, клирингілік қатысушы тиісті төлемдерді төлеген жағдайда, Басқарма клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамағаны (тиісті орындамағаны) негіз болған Биржа Басқармасының шешімімен клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсету осының алдында осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес уақытша тоқтатылып, клирингілік қатысушы осындай шешім қабылдауға себептерді жойғаны туралы ақпараттарды ұсынған жағдайда, Басқарма клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
8. Клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсету осының алдында осы баптың 1 тармағының 5) және 6) тармақшасына сәйкес уақытша тоқтатылған болса, клирингілік қатысушы тиісті биржалық нарықта мүшелігін немесе оның сауда-саттыққа қатысуға рұқсаттамасы қалпына келтірілген жағдайда, Басқарма клирингілік қатысушысына клирингілік қызмет көрсетуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы.
9. Клирингілік қатысушыға қызмет көрсетуді уақытша тоқтату және қалпына келтіру Биржа Басқармасына осы клирингілік қатысушыны тиісті биржалық нарықтағы қаржы құралдардың сауда-саттығынан (нарық секторынан) ұқсас мерзімге шеттетуге немесе рұқсаттама беру туралы шешім қабылдауына негіз болып табылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
10. Басқарманың клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсету туралы шешімі клирингілік қатысушының және уәкілетті органның назарына, осындай шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, тиісті ескертпелер жолдау арқылы, жеткізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
11. Клирингілік қатысушыға клирингілік қызмет көрсетуді уақытша тоқтату осы клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарналарын қайтарып беруге негіз болмайды.

8 бап.

Клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру

1. Төменде көрсетілген жағдайларда Басқарма клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдайды:
 - 1) егер Басқарма осыдан бұрын осы баптың 1 тармағының 7 тармағына сәйкес клирингілік қатысушы мәртебесінің қолданысын уақытша тоқтату туралы шешім қабылдаған болса, ал клирингілік қатысушы белгіленген мерзімде аталған шешімді қабылдау үшін негіз болған талапты орындамаған жағдайда;
 - 2) Басқарма клирингілік қатысушыны Клиринг ережелеріне сәйкес тиісті биржалық нарықта дәрменсіз деп мойындаған жағдайда;
 - 3) Биржа клирингілік қатысушының клирингілік қатысушы мәртебесінен ерікті бас тартуы туралы өтінішін білдірген хатын алған жағдайда.
2. Клирингілік қатысушы Биржада тиісті санат бойынша мүшеліктен айырылған жағдайда клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру Басқарма шешімісіз жүзеге асырылады.
3. Белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесінен айыру осы ұйымды осы биржалық нарыққа сәйкес санат бойынша мүшелігін тоқтату туралы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылуға негіз болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
4. Басқарманың клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешімі клирингілік қатысушының және уәкілетті органның назарына, осындай шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, тиісті ескертпелер жолдау арқылы, жеткізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. Клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған, ұйым (ұйымның міндеттемелері бойынша жауап беретін, өзге заңды тұлға, мысалы, жою комиссиясы) Клиринг ережелерімен, Қағидамен (соның ішінде оның қосымшаларымен) және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген, клирингілік қатысушысы мәртебесіне иелену кезеңінде туындаға міндеттемелерін сақтайды.

3 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫСЫ САНАТТАРЫ

9 бап.

Клирингілік қатысушысына санат беру / санатын өзгерту тәртібі

(осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

1. Кез келген биржалық нарықта "қамтусыз" санаты тек Ұлттық Банкке беріледі.
2. Ұлттық Банктен басқа, деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының барлығына – "жартылай қамтылған" санаты беріледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Ұлттық Банктен басқа, валюталық нарықтың клирингілік қатысушыларына Басқарма шешімімен "толық қамтумен" немесе "жартылай қамтумен" санаттары берілуі мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
- 3-1. Қор нарығының клирингілік қатысушысына келесі талаптарға сай болған жағдайда "жартылай қамтылған" санаты берілуі мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*:
 - 1) "С" деңгейінен төмен емес рейтингі болуы тиіс;

- 2) уәкілетті органмен клирингілік қатысушыны тіркеген кезде белгіленген, меншікті капиталдың жеткіліктілігі және өтімділігі бойынша нормативті орындауы (осындай талаптар қойылатын болса).
4. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысына "жартылай қамтумен" санаты, осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, келесі талаптарға сай болса, берілуі мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен алып тасталған)*;
 - 2) "С" деңгейінен төмен емес рейтингі болуы тиіс;
 - 3) клирингілік қатысушыны тіркеген мемлекеттің уәкілетті органымен белгіленген, меншікті капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігі бойынша нормативтерді орындау (осындай талаптар болған жағдайда).
5. Валюталық нарықтың клирингілік қатысушысына "толық қамтумен" санаты, осы баптың 4 тармағында белгіленген, талаптардың кез келгеніне сәйкес болмаған жағдайда, Биржа Басқармасы осындай клирингілік қатысушыға келесідей санатты беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.
 - 1) "талық қамтумен";
 - 2) "жартылай қамтумен", валюталық нарықтың клирингілік қатысушысына жайғасым ашу шектелімі мен шоғырландыру мөлшерінің бір-еселі көлемінен кем емес, бастапқы маржаның жеке мөлшерлемесін орнатумен *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен және 2020 жылдың 17 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).
- 5-1. Биржа Басқармасы Шетел валюталары нарығы бойынша комитеттің нұсқауы негізінде, клирингілік қатысушыға "толық қамтумен" санатын белгілеуге құқылы.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 06 тамызындағы шешімімен енгізілген).
- 5-2. Жайғасым ашу шектелімі мен шоғырландыру мөлшерінің бір-еселі көлемінен кем емес бастапқы маржаның жеке мөлшерлемесін орнатумен "жартылай қамтумен" санаты берілген валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы үш ай қатарынан осы баптың 4 тармағына сәйкес келген жағдайда, Биржа Басқармасы осындай клирингілік қатысушысына, валюталық нарықтың клирингілік қатысушысына жайғасым ашу шектелімі мен бастапқы маржаның жеке мөлшерлемесін орнатусыз, "жартылай қамтумен" санатын беруге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.
- 5-3. Қор нарығының клирингілік қатысушысы осы баптың 1-3 тармақтарының кез келгеніне сай болмаған жағдайда, Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*:
 - 1) Биржа Басқармасына осындай клирингілік қатысушыға "толық қамтумен" санатын орнатуды нұсқауға;
 - 2) белгілі бір уақыт аралығында шектеу шектелімін және "жартылай қамтумен" жасалатын мәмілелер бойынша төмендетілмейтін, бірыңғай шектелімін белгілеуге.

6. "Жартылай қамтумен" санатындағы клирингілік қатысушысы, Қағиданың 3 қосымшасында белгіленген көлемде тиісті биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарнасын аударуы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
7. Клирингілік кепілдік қорларына кепілдік жарналарды аудару, толықтырып аудару және қайтарып алу тәртібі Клиринг ережелерінде анықталған.
8. Клирингілік қатысушы күнтізбелік айда бір реттен жиі емес, Қағиданың 4 қосымшасында берілген нұсқа бойынша құрастырылған, клирингілік қатысушы санатын өзгерту туралы өтінішін беруге құқылы.
9. Клирингілік қатысушының санатын өзгерту туралы өтінішті Басқарма осындай өтінішті алған күннен бастап 10 жұмыс күн аралығында қарайды.
10. Клирингілік қатысушының санатын Басқарма мыналардың негізінде өзгертуге құқылы:
 - 1) клирингілік қатысушының мониторингі нәтижелері туралы есеп;
 - 2) Клиринг ережелеріне сәйкес, клирингілік қатысушыны жосықсыз деп мойындауы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 3) осы баптың 8 тармағында белгіленген, клирингілік қатысушысының өтініші *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 3-1) Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің нұсқаулары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 3-2) Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитеттің нұсқаулары *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 4) осы Қағидада және Клиринг ережелерінде қарастырылған, міндеттемелерді орындауға клирингілік қатысушының қабілетіне ықпал ете алатын өзге ақпарат *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.
11. Егер Басқарма клирингілік қатысушысының "толық қамтумен" санатын "жартылай қамтумен" санатына ауыстыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, осындай клирингілік қатысушы Қағиданың осы бабының 6 және 7 тармақтарына сәйкес клирингілік кепілдік қорына жарнасын аударуға міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
12. Клирингілік қатысушының санатын өзгерту туралы Басқарманың шешімі, шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, тиісті ескертпелер жолдау арқылы, клирингілік қатысушының назарына жеткізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

10 бап.

Клирингілік қатысушысының мониторингін жүзеге асыру тәртібі

1. Биржа клирингілік қатысушылардың мониторингін, олардың Қағидамен, сондай-ақ өзге ішкі құжаттармен белгіленген талаптарға, сәйкестігін анықтау мақсатында, клирингілік қатысушының мәртебесінен және оған берілген санатынан шыға отырып, жүзеге асырады.
2. Биржа клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына мониторингті, "Мүшелік туралы қағида" және "Биржа мүшелерінің мониторинг жүргізудің

тәртібі" атты Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, тәртіпте және, клирингілік қатысушының Биржа мүшесі ретінде ұсынған, құжаттар мен ақпараттың негізінде жүзеге асырады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

3. Биржа келесі ақпарат негізінде клирингілік қатысушының осы Қағиданың талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) Қағиданың 12 бабында анықталған, клирингілік қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкестік туралы;
 - 2) Қағиданың 9 бабында анықталған, клирингілік қатысушының тиісті биржалық нарықтағы санатына қойылатын, талаптарға сәйкестік туралы;
 - 3) талданатын кезеңде клирингілік қатысушының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша, кепілдік жарналарды, қамтуды аудару (толықтырып аудару) бойынша, клирингілік және басқа да Биржаның алымдарын төлеу бойынша, Биржаның айыппұлдарды/тұрақсыздық төлемдерін және осы Қағидаға, Клиринг ережелеріне және Биржаның басқада құжаттарына сәйкес басқа да қолданымды сомаларды төлеу бойынша орындалмаған (тиісті орындалмаған) міндеттемелердің бар/жоғы туралы.

5 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11 бап. Клирингілік қатысушының құқықтары мен міндеттері

1. Клирингілік қатысушы, Клиринг ережелерінде, Қағидада (соның ішінде оның қосымшаларында) және Биржаның клирингілік қызметіне қатысты басқа да ішкі құжаттарында бекітілген, шарттар мен тәртіпке сәйкес құқылы:
 - 1) Биржаның клирингілік қызмет көрсетуімен пайдалануға;
 - 2) Биржадан клирингілік сессиялардың қорытындылары бойынша ақпарат алуға;
 - 3) Биржаның клирингілік қызметіне қатысты өзге ақпараттар алып отыруға;
 - 4) Биржаның клирингілік қызметіне қатысты сұрақтар бойынша оның қарауына ұсыныстар жасауға;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, өзге құқықтарын пайдалануға.
2. Клирингілік қатысушы міндетті (Қағиданың 12 және 13 баптарында белгіленген, ерекшеліктерді ескерумен) міндетті:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Клиринг ережелерінде, Қағидамен (соның ішінде оның қосымшаларында) және Биржаның қызметтеріне қатысты басқа да құжаттарында белгіленген, оларға енгізілуі мүмкін өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескерумен, талаптарды орындау;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Клиринг ережелерінде, Қағидамен (соның ішінде оның қосымшаларында) және Биржаның қызметтеріне қатысты басқа да құжаттарында белгіленген тәртіпте, соның ішінде кепілдік жарналарды, қамтуды аудару (толықтырып аудару), сондай-ақ тұрақсыздық төлемдерін және басқа да қолданымды төлемдерді төлеу бойынша міндеттерін адал ниетпен орындау;

- 3) Клиринг ережелерінде, Қағидамен (соның ішінде оның қосымшаларында) және Биржаның қызметтеріне қатысты басқа да құжаттарында белгіленген, көлемде және тәртіпте Биржа пайдасына клирингілік алымдарды және басқа да төлемдерді төлеу;
- 4) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша туындаға міндеттемелерді уақытылы, толық және оңтайлы амалмен орындау;
- 5) Қағидада және Биржаның басқа да құжаттарында белгіленген, ақпараттар ашу бойынша талаптарды уақытылы және толық көлемде орындау;
- 6) Биржа қабылдаған шешімдерді мойындау және орындау.

12 бап. Клирингілік қатысушыға қойылатын талаптар

1. Клирингілік қатысушыларға мынадай талаптар қойылады¹:
 - 1) тиісті санаттағы Биржа мүшесіне қойылатын, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
 - 2) eTransfer.kz² электрондық құжаттармен алмасу жүйесіне қосылудың бар болуы;
 - 3) егер осындай талап Қағиданың 9 бабында немесе осы баптың 4 тармағында белгіленген болса, осы Қағидада белгіленген деңгейден төмен емес рейтингінің болуы;
 - 4) клирингілік қатысушыны заңды тұлға ретінде тіркеген мемлекеттің уәкілетті органымен белгіленген, меншікті капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігіне қойылатын нормативтерді (талаптарды) орындау;
 - 5) осы баптың 2 тармағында сипатталғандай, тиісті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар.
2. Клирингілік қатысушылар тиісті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің бар болуына қойылатын талаптар сай болуы тиіс. Атап айтқанда:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін екінші деңгейдегі банк болып табылатын клирингілік қатысушы екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелерінің³ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарына сай болуы тиіс (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін Екінші деңгейдегі банк болып табылатын клирингілік қатысушы осы мемлекеттің банк қызметін реттейтін органы бекіткен тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарына сай болуы тиіс;

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылдың 24 ақпанындағы № 59 қаулысымен бекітілген клирингілік ұйымның Тәуекелдерді басқару жүйесіне, мониторинг шарттары мен тәртіптеріне, клирингілік ұйымдағы тәуекелдерді басқару және бақылауға қойылатын талаптарға сүйене отырып.

² Берілетін мәліметтердің криптографиялық қорғау құралдарын қарастыратын және олардың кепілді жеткізілуін, құпиялылығын және өзгеріссіздігін қамтамасыз ететін, Биржа мен оның мүшелері арасында электрондық құжатайналымының арнайы мамандандырылған жүйесі.

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 12 қарашасындағы № 188 қаулысымен бекітілген (*осы сілтеме Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметпен болмаса инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысатын ұйымға жататын клирингілік қатысушы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарды орындауды бағалау бойынша жыл сайынғы соңғы есепке⁴ сәйкес "сай" бағасына ие болу керек, осы ретте бұл есеп Уәкілетті органға уақытылы тапсырылып, Уәкілетті органның осы есепке қатысты ешқандай ескертулері болмауы тиіс;
 - 4) Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметпен немесе инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысатын ұйымға жататын клирингілік қатысушы осы мемлекеттің осындай қызметті реттейтін органы бекіткен тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарына сай болуы тиіс.
3. Қор нарығының клирингілік қатысушысының, Орталық депозитарийде оның атына ашылған, "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоты және "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" белгісімен банктік шоты болуы тиіс.
 4. Дериватитер нарығының клирингілік қатысушысының рейтингі "D" деңгейінен төмен болмауы тиіс (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

13 бап.

Клирингілік қатысушылардың ақпараттар ашуы

1. Ақпаратты ашуға қатысты осы бапта бекітілген талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеумен айналысатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және, халықаралық қаржылық ұйым және халықаралық құқық субъектісі болып табылатын, ұйымдарға қатысты қолданылмайды.
2. Биржа алдында ақпарат ашуға қатысты клирингілік қатысушы жыл сайын Биржаға әр есептік жылдан кейінгі келесі жылдың 01 шілдесінен кешіктірмей мына құжаттар мен ақпаратты беруге міндетті (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*):

(егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін, екінші деңгейдегі банк болса) есептік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, клирингілік қатысушының бірінші басшысы қол қойған, клирингілік қатысушының Екінші деңгейдегі банктен арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелерінің 2 қосымшасында бекітілген тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын минималды талаптарға жауап беретіні туралы растау хаты (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген*);

(егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сай құрылған және қызмет етуші Екінші деңгейдегі банк болса) есептік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, клирингілік қатысушының бірінші басшысы қолын қойған, клирингілік қатысушының осы мемлекеттің банктік қызметті реттеу жөніндегі органы бекіткен тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін

⁴ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылдың 27 тамызындағы № 214 қаулысымен бекітілген бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен, инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысатын ұйымдарға арналған Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелеріне 1 қосымшаға сәйкес құрылады.

ұйымдастыруға қойылатын ең төмегі талаптарға жауап беретіні туралы растау хаты;

(егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметпен болмаса инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысатын ұйымға жататын болса) тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша жыл сайынғы есеп;

(егер клирингілік қатысушы Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет ететін бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметпен болмаса инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысатын ұйымға жататын болса) есептік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, клирингілік қатысушының бірінші басшысы қолын қойған, клирингілік қатысушының осы мемлекеттің осындай қызметті реттеу жөніндегі органы бекіткен тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең төмегі талаптарға жауап беретіні туралы растау хаты;

3. Осы баптың 2 тармағында белгіленген, құжаттар мен ақпараттар Биржаға электрондық құжаттар түрінде, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазақстандық банкаралық есеп айырысулар орталығы" мемлекеттік кәсіпорнымен қалыптастырылған, электрондық цафрлық қолтаңбалармен расталып, осы қосымшалармен белгіленген форматта, is2in⁵ жүйесі арқылы ұсынылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 07 қарашасындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Ақпараттар ашудың жалпы тәртібі "Мүшелік туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатының 5 тарауында анықталған (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).

14 бап. Клирингілік алымдар

1. Биржа орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша нетто негізде және контрагентсіз жасалған мәмілелер бойынша гросс негізде, соның ішінде, Клиринг ережелеріне сәйкес дефолтты реттеу шегінде Биржа клирингілік қатысушының атынан орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асырғаны үшін үшін клирингілік алымдарды алады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі және 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
2. Клирингілік қатысушылар клирингілік алымдарды, "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген, көлемде және төртіпте төлейді.
3. Ұйымды клирингілік қатысушы мәртебесінен айырғанда, осының алдында төленген клирингілік алымдар қайтарылмайды.
4. Клирингілік қызметті көрсету уақытша тоқтатылса да, клирингілік қатысушы клирингілік алымды төлеу міндеттемесінен босатылмайды.
5. Клирингілік қатысушы мәртебесінен біржола айырылған жағдайда, ұйым клирингілік қатысушы мәртебесін иеленген кезеңде есептелген клирингілік

⁵ "Is2in" (ISSUERS TO INVESTORS) – Биржа мүшелеріне және бағалы қағаздар рұқсаттамасының бастамашыларына Биржаға құжаттар мен ақпаратты электронды түрде (осындай құжаттардың және ақпараттық сипаттағы хабарламалардың қағаз бетіндегі нұсқаларынсыз) беруге және артынан оларды автоматты түрде Биржаның интернет-ресурсына орналастыруға мүмкіндік беретін Биржа мен оның мүшелері арасындағы, сонымен қатар Биржа мен бағалы қағаздар рұқсаттамасының бастамашылары арасындағы арнайы мамандандырылған электронды құжатайналысы жүйесі.

алымдарды, сондай-ақ, Клиринг ережелеріне сәйкес, дефолттарды реттеу шегінде клирингілік қатысушының атынан жасалған мәмілелер бойынша есептелген алымдарды төлеу міндеттемесінен босатылмайды.

15 бап. Клирингілік қатысушының жауапкершілігі

